21770855999

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2024 жылғы 27 қыркүйек №4712-24-00-2/3409 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Г.О.Метеркулова, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен төмендегі азаматтық істі қарады,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Маңғыстау облысы бойынша төтенше жағдайлар департаментінің Өрт сөндіру және аварийлық-құтқару жұмыстары қызметі (Ақтау қаласы)» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Досат» жеке кәсіпкер, басшысы Досат Ұлбосын Алиқызы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану
2. Тұрақсыздық айыппұлын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-5, 223-226, 229 баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қою –қанағаттандырылсын.

«Досат» жеке кәсіпкерге, басшысы Досат Ұлбосын Алиқызы, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Досат» жеке кәсіпкерге, басшысы Досат Ұлбосын Алиқызынан

мемлекет пайдасына 7 686 (жеті мың алты жүз сексен алты) теңге тұрақсыздық айыппұл, 1923 (бір мың тоғыз жүз жыирма үш) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Г.О.Метеркулова

Шешім түпкілікті нысанда 2024 жылғы 27 қыркүйекте дайындалды.

Құжатқа қол қойылған: Метеркулова Г. О., 27.09.2024

Заңды күшіне енген күні: 04.11.2024, судья Метеркулова Г. О., 05.11.2024

4712-24-3-1/3213